

Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бутилді калий ксантогенатының транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 маусым N 894

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ACCORD MARKETING LIMITED" компаниясы (Дублин қаласы, Ирландия Республикасы) "Алмалық ТМК" ашық акционерлік қоғамына (Алмалық қаласы, Ташкент облысы) 2000 жылғы 7 наурыздағы N 26-483 юр келісім-шартқа сәйкес беретін бутилді калий ксантогенатының Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне 1-қосымшаға сәйкес санда рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк тасымалы туралы келісімнің Қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне (2-қосымша) және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, 2-қосымшаға сәйкес қозғалыс бағыты бойынша жүкті жөнелту кестесіне сай, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктің темір жол көлігімен транзиттік тасымалдануын жүзеге асыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы бутилді калий ксантогенатының транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 маусымдағы
N 894 қаулысына
1-қосымша

"ACCORD MARKETING LIMITED" компаниясы
2000 жылғы 7 наурыздағы N 26-483 юр келісім-шартқа
сәйкес Ресей федерациясынан "Алмалық ТМК" ААҚ-ға
(Алмалық қаласы, Ташкент облысы) беретін тауарлардың саны

Тауардың ! Келісім-шарт ! Тоннасының ! Жалпы құны ! Беру мерзімі
атауы ! бойынша көлемі! бағасы АҚШ !АҚШ долларымен!
! (тн) ! долларымен ! !

Бутилді немесе 400.0 1240.0 496000.0 2000 жылы
изобутилді калий
ксантогенаты
90%-ға қайта
есептегендегі
ГОСТ 7927-75

Барлығы 496000.0

Ескерту: Бағалары Өзбек темір жолының Ахангаран станциясына дейін
жеткізу шартымен көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 маусымдағы
N 894 қаулысына
2-қосымша

2000 жылы берілетін бутилді калий ксантогенатының қозғалыс бағыты

Бутилді калий ксантогенатының қозғалысы мынадай бағыттар бойынша
жүзеге асырылады:

Жөнелту станциясы: Манихино-1, Мәскеу темір жолы;

Жеткізу станциясы: Ахангаран, Өзбек темір жолы;

Шекарадан өту станциясы: Илецк-1, Шенгелді (Қазақстан).

Алушы: "Алмалық ТМК" ААҚ; 702400 Өзбекстан, Ташкент облысы, Алмалық
қаласы.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК